

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 271 "2019-2021 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 298 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 3 сәуірде № 6046 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 271 "2019-2021 жылдарға арналған Қандыағаш қаласының бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-230 тіркелген, 2019 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "364 500,0" сандары "461 566,0" сандарына ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері - "259 000,0" сандары "356 066,0" сандарына ауыстырылсын

;

2) тармақшасында:

шығындар - "364 500,0" сандары "465 900,7" сандарына ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) – "0,0" сандары "- 4 334,7" сандарына ауыстырылсын;

б) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – "0,0" сандары "4 334,7" сандарына ауыстырылсын;

көрсетілген шешім мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2 тармақтармен толықтырылсын:

"5-1. Ең төменгі жалақының мөлшерінің өзгеруіне байланыстық азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен

ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 18 779,0 мың теңге.

5-2. 2019 жылға арналған Қандыағаш қаласының бюджетіне аудандық бюджеттен 78 287,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттерінің соммасын бөлу қала әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Д. Мұрзатаев

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 28 наурыздағы № 298

шешіміне

қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 4 қаңтардағы № 271

шешіміне

1 қосымша

2019 жылға арналған Қандыағаш қаласының бюджеті

санаты	сыныбы	кіші сыныбы	атауы	сомасы (мың теңге)
			1. КІРІСТЕР	461 566,0
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	105 500,0
	01		Табыс салығы	51 023,0
		2	Жеке табыс салығы	51 023,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	54 477,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	2 469,0
		3	Жер салығы	6 320,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	45 688,0
4			Трансферттердің түсімдері	356 066,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	356 066,0

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер		356 066,0
функционалдық топ	кіші функция	бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	бағдарлама	атауы	сомасы (мың теңге)
				II. ШЫҒЫНДАР	465 900,7
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	52 999,7
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	52 999,7
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	52 999,7
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	49 579,7
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 420,0
04				Білім беру	325 621,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	325 621,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	325 621,0
				Мектепке дейінгі	

			004	тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	232 763,0
			041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырмасын іске асыруға	92 858,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	70 173,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	70 173,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	70 173,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	26 435,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	15 660,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	28 078,0
12				Көлік және коммуникация	17 107,0
	1			Автомобиль көлігі	17 107,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 107,0

			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	12 500,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	4 607,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(- 4 334,7
				VI. Бджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(4 334,7
08				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	4 334,7
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	4 334,7
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4 334,7
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	4 334,7